

«БЕКІТІЛДІ»
 ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
 орталығы» РМҚК директоры
 Р. Емелбаев
 «___» _____ 202_ ж.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
«Қазақ тілі» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест
спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В016-Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау

В029-Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс

В042-Журналистика және репортер ісі

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі	01	Дыбыстардың жіктелуі	1. Дыбыстау мүшелері, дыбыс пен әріптің айырмашылығы, дыбыстардың құрамы мен түрлері, шартты белгісі мен дыбыстардың жасалу жолдарын ажырату, қолдану, салыстыру; 2. Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу;
		02	Буын, екпін түрлері	1. Буын, оның жасалу жолдары мен түрлері, буын жігі, екпін түспейтін буындар мен екпін түрлерін ажырата білу, қолдану және салыстыру; 2. Екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану; буын және оның түрлері, жасалу жолдары, буын түрлерін ажырата алу;

		03	Үндестік заңы	<p>1. Сингорманизм және ассимиляция: сингорманизм заңдары, ықпал түрлерін ажырата білу, қолдану;</p> <p>2. Сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес таба білу;</p> <p>3. Жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу;</p>
		04	Қазақ әліпбиіндегі әріптер мен фонемалардың арақатынасы	<p>1. Фонема теориясы мен қазақ жазуының маңызын, қызметін тану, қазақ әліпбиіндегі әріптер мен фонемалардың арақатынасын аша білу;</p>
		05	Орфография және орфоэпия	<p>1. Әдеби тіл нормалары: сөздердің айтылу және жазылу нормалары, орфоэпия талаптары мен орфографиялық принциптерді саралау, қолдану;</p> <p>2. Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;</p> <p>3. Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау;</p>
02	Лексика	06	Сөз мағынасы	<p>1. Сөз бен ұғымның байланысы, көп мағыналы сөздердің ерекшелігі, тура және ауыспалы мағыналы сөздерді ажырату;</p> <p>2. Бір тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану;</p> <p>3. Лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану;</p> <p>4. Сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану;</p>

		07	Қазақ тіліндегі актив және пассив лексика	<p>1. Лексикология ғылымының салалары, сөздік қор және оған жататын сөздерге қойылатын шарттар мен оның сөздік құрамнан айырмашылығын салыстыру;</p> <p>2. Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау;</p>
		08	Қазақ тіліндегі синонимдік қатар. Антонимдер, омонимдер	<p>1. Омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану;</p>
		09	Ескірген сөздер Неологизмдер. Неологизмдердің пайда болу себептері	<p>1. Неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу;</p> <p>2. Көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу;</p>
		10	Фразеологизмдер. Қазақ фразеологиясының негізгі шығу тегі. Қанатты сөздер, мақал-мәтелдер	<p>1. Фразеологизмдердің ерекшелігі, қазақ тілінде жұмсалуды, қолданылу өрісі, фразалар мен идиомалардың айырмашылығын ашу;</p> <p>2. Фразеологизм мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану;</p> <p>3. Көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолдана білу;</p>
03	Сөзжасам. Морфология	11	Сөздердің жасалу тәсілі	<p>1. Сөз жасаушы тәсілдер, сөз жасаушы тілдік элементтер, сөзжасамдық типтер мен тізбектер, сөзжасам үлгілері, сөзжасамдық заңдылықтар және сөзжасамның сөз таптарына қатысын ажырату;</p> <p>2. Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу;</p>

		12	Түбір және қосымша морфема	<p>1. Түбірдің өзіне тән ерекшелігі мен жасалуы (негізгі түбір, туынды түбір, туынды сөз). Негізгі морфема мен көмекші морфема, көмекші сөздер мен жалаң сөздер;</p> <p>2. Қосымшаның түрлерін ажырату; жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;</p>
		13	Сөздердің түрлері	<p>1. Тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу;</p>
		14	Сөз таптары	<p>1. Сөз таптары, олардың белгілері негізінде қалыптасқан категориялары мен таптастырудың негізгі принциптерін, ғалымдардың ғылыми ой тұжырымдарын саралау;</p>
		15	Есім сөздер	<p>1. Есім сөздердің грамматикалық белгілерін ажырату, мағынасына, тұлғасына және сөйлемде атқаратын қызметіне қарай түрлерін талдау;</p> <p>2. Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану;</p> <p>3. Сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу;</p> <p>4. Сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу;</p> <p>5. Сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану;</p>

		16	Етістік, үстеу	<p>1.Етістік және оның категориялары, етістік пен үстеудің басқа сөз таптарынан ерекшелігі мен жасалу жолдарын талдау;</p> <p>2. Етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану;</p> <p>3. Етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;</p> <p>4. Етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану;</p> <p>5. Үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану;</p>
		17	Одағай, шылау, еліктеу сөздер	<p>1.Шылау, одағай , еліктеу сөздер өздеріне тән ерекшеліктері және басқа сөз таптарынан айырмашылығы мен жасалу жолдарын талдау;</p> <p>2. Одағай, шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану;</p> <p>3. Еліктеу сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну;</p> <p>4. Оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу;</p>
04	Синтаксис	18	Сөз тіркесі, олардың түрлері	1.Сөз тіркестері, оларға тән белгілер мен бағыныңқы, басыңқы сыңарларын ажырата білу;
		19	Сөздердің байланысу тәсілдері, түрлері	1. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану;
		20	Сөйлем, оның құрамы.	1.Сөйлем және оның түрлері. 2.Сөйлемге тән белгілер;
		21	Сөйлем мүшелері	1. Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану; 2. Сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер және айқындауыш мүшелерді қолдана білу;
		22	Жай сөйлем	3. Жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану;

		23	Құрмалас сөйлем	<ol style="list-style-type: none"> 1. Құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу; 2. Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіру; 3. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; 4. Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану; 5. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану;
05	Пунктуация	24	Тыныс белгі, оның түрлері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу; 2. Сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу; 3. Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану; 4. Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану; 5. Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау; 6. Қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану; 7. Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру; 8. Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Қазақ тілі» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.


8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» Алматы. Аханов К. «Тіл білімінің негіздері», А., 2000ж
2. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы», Алматы, 2002ж
3. Балақаев М., «Қазіргі қазақ тілі», «Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі», Алматы, 2001ж
4. Балақаев М., Қордабаев Құралас сөйлем синтаксисі»
5. Исаев С. «Қазіргі қазақ тіліндегі грамматикалық ұғымдар», Алматы, «Ана тілі» 2003ж
6. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ., «Қазіргі қазақ тілі» А., 2001жыл
7. Қалиев Ғ, Оралбаева Н, Қасымова Б., Шалабаева Б, Төлегенов О., «Қазіргі қазақ тілі» А, 1997ж.
8. Қалиев Ғ, Оралбаева Н, Бейсембаева К, Хасанов С, Әбілқайып А, Шалабаева Б Қазіргі қазақ тілі курсы бойынша лабораториялық жұмыстар А, 1999
9. Қараев М. Қазақ тілі, А, 2006ж
10. Мырзабеков «Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі», А., 2004ж
11. Ысқақов А. «Қазіргі қазақ тілі», А. 2002 ж
12. С.Жиенбаев «Сөйлемнің тыныс белгілері» А, 1997ж
13. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі. - Алматы: Зият-Пресс, 2006.
14. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. - Алматы: Зият-Пресс, 2006.
15. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. - Алматы, 2002.
16. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология). - Алматы: Мектеп, 1991.
17. Бектұров Ш. Қазақ тілі. - Алматы: Атамұра, 2006.
18. Қараев Ғ. Қазақ тілі. - Алматы: Ана тілі, 1993
19. Сабыр М. Қазақ тілі. - Алматы, 2003.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік
бірлестігінің төрағасы

 Н.Ахат
(қолы) (Т.А.Ә)

« 08 » қыркүйек 202 ж.







